

**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-балабақшасы**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

**«Күншуақ» ортаңғы тобы**

**Тәрбиеші: А.Д.Сүндетова**

**2025-2026 оқу жылы**

## Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 1

Күні: 26.09.2025 жыл

Қатысуы тиіс: 25 ата-ана

Қатысқандар: 17 ата-ана

Қатыспағандар: 8 ата-ана (4 себепті)

Тақырыбы: « Жаңа оқу жылындағы өзгерістер »

Мақсаты: Ата-аналармен танысып, ата-анамен балабақша арасында тығыз байланысты орнату.

1. Жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен танысу

Балабақша құрылтайшысы М..Х.Жайсултанов

2. Топпен танысу, ата-аналармен танысу

Тәрбиеші: А.Д.Сүндетова

3. Балабақша ережелерімен таныстыру.

4. Ата-ана комитетінің төрайымы мен көмекшілерін сайлау.

Тәрбиеші:

1) Тыңдалды: Құрметті ата-аналар! 2025-2026 оқу жылының басталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар көп. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Балалардың оқу құралдары, төсек жабдықтары жаңа, ойыншықтармен жабдықталған.

2) Сәлеметсіздер ме, ата-аналар! Жаз айларында балабақшамызда апталықтар болып өтті. Біздің балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты балалар «Көңілді ойындар», «Гүлдер әлемі», «Кішкентай аспазшылар!» атты апталықтарға қатысты. Балалар көңіл көтеріп, би билеп, әртүрлі суреттер салып, түрлі тәттілер дайындады. Апталықтар қызықты өтті. (Видеолар көрсету.)

Балабақша дәрігері балабақша ас мәзірімен таныстырып, тағам құрамындағы дәрумендер жайлы «Ас – адамның арқауы» атты баяндама оқыды

Ата-ана комитетінің төрайымы болып: Бейімбет Карина сайланды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс айтып, рахметтерін білдірді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1 Балабақша ережелерін сақтау.

Күн тәртібін сақтауға келісім берді

Топ тәрбиешісі:

Хатшы:



А.Д.Сүндетова

А.Н.Едресова

## Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 2

Күні: 12.12.2025 жыл

Қатысуы тиіс: 25 ата-ана

Қатысқандар: 15 ата-ана

Қатыспағандар: 10 ата-ана ( 5 себепті)

Тақырыбы: « Жарты жылдық қорытынды »

Мақсаты: Балалардың жеткен жетістіктері мен оқу қызметтерінд өтілгн тақырыптар бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібінде:

1. Жарты жылдық қорытынды
2. Ашық оқу қызметіне қорытынды
3. Денсаулық – зор байлық

Тыңдалды:

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар! Бүгін сіздермен оқу жылының жарты жылдық қортындысын жасаймыз. Жарты жылдықта балаларабалабақшадағы күн тәртібіне қалыптаса бастады. Өз-өзіне қызмет көрсетуді біледі. Үлкендермен жән өз достарымен қарым-қатынас жасауды үйренді. Топта күнделікті оқу қызметтері өтіледі, жылдың басымен салыстырғанда балалардың оқу үлгерімі әлдеқайда жоғарлады. Алдағы уақытта балалармен оқу қызметтерін ары қарай жалғастыратын боламыз.

Әдіскер Г.У.Мусагалиеваның ұйымдастыруымен «Жан шуағы» атты тренинг арқылы жиналыс басталды

«Денсаулық – зор байлық» балабақша медбиекесі М.Р.Изимованың ұйымдастыруымен баяндама оқылады

Ата-ана комитетінің төрайымы Бейімбет Карина сөз сөйлеп, балабақшаның күн тәртібіне ас мәзіріне ата-аналар атынан тәрбиеші апайларға ризашылығын білдірді. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді.


Ата-аналар жиналысының шешімі:

1 Балабақша ережелерін сақтау.

Күн тәртібін сақтауға келісім берді

Топ тәрбиешісі:

Хатшы:



А.Д.Сүндетова

А.Н.Едресова

## Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 3

Күні: 20.02.2026 жыл

Өткізілген орны: «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы

Қатысуы тиіс: 25 ата-ана

Қатысқандар: 18 ата-ана

Қатыспағандар: 7 ата-ана (себепті)

Тақырыбы: «Бала- біздің болашағымыз»

Мақсаты: Балалардың жеткен жетістіктері мен оқу қызметтерінд өтілгн тақырыптар бойынша қорытынды жасау.

Күн тәртібінде:

1. «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында баяндама.
2. Балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігі туралы пікір алмасу.
3. Балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:


Тәрбиеші ата-аналарды қарсы алып, жиналыстың мақсаты – бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығын нығайту екенін айтты. Баяндама барысында әр баланың қабілетін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, әдептілікке, жауапкершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, қауіпсіздік ережелерін сақтау және ата-ананың бала өміріне белсенді араласуы туралы айтылды.

Ата-аналар өз ойларын ортаға салып, балалардың тәрбиесі, тәртібі және оқу-тәрбие жұмыстары жөнінде пікір алмасты.

Қаулы:

1. Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту.
2. Балалардың қауіпсіздігіне және денсаулығына ерекше көңіл бөлу.
3. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.
4. Балабақша ұйымдастыратын іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Жиналыс төрағасы:  А.Д.Сүндетова

Хатшы:  А.Н.Едресова

Күні: 22.05.2026 жыл

Өткізілген орны: «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы

Қатысуы тиіс: 25 ата-ана

Қатысқандар: 16 ата-ана

Қатыспағандар: 9 ата-ана (белгілі себептерге байланысты)

Тақырыбы: «Ойнайық та, ойлайық» (оқу жылын қорытындылау)

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. «Ойнайық та, ойлайық» – ойын арқылы баланың жетістіктерін талдау.
3. Балалардың оқу жылы бойындағы жетістіктері мен алдағы міндеттер.
4. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі 2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасады. Балалардың тіл дамыту, таным, математика негіздері, шығармашылық, дене шынықтыру және музыка бағыттары бойынша меңгерген білімдері мен дағдылары туралы баяндады.

Екінші мәселе бойынша «Ойнайық та, ойлайық» тақырыбында ойын арқылы балалардың ойлау қабілеті, есте сақтау, зейін қою, сөйлеу мәдениеті және шығармашылық қабілеттерінің дамуы туралы айтылды. Жыл бойы өткізілген ойындар мен іс-шаралардың балалардың жан-жақты дамуына оң әсер еткені атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша әр баланың жетістіктері аталып, ата-аналарға оқу жылы бойындағы қолдаулары үшін алғыс білдірілді.

Төртінші мәселе бойынша жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, жол жүру ережелерін сақтау, су айдындарында, көшеде және үй жағдайында қауіпсіздік шараларын орындау туралы түсіндірме берілді.

сөйледі:

Ата-аналар оқу жылының нәтижелеріне ризашылықтарын білдіріп, тәрбиешілерге алғыстарын айтты. Балалардың жетістіктері туралы пікірлерімен бөлісіп, жаз мезгілінде балалардың дамуын жалғастыру бойынша ұсыныстар алды.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінсін.
3. Балалардың оқу барысында қалыптасқан білімдері мен дағдыларын ойын арқылы дамыту жалғастырылсын.
4. Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғасын тапсын.

Жиналыс төрағасы:  А.Д.Сүндетова

Хатшы:  А.Н.Едресова